

«БЕКІТЕМІН»
МҚКҚ «Білім беруді
жаңғырту» орталығының
басшысының м.а.
С. Дауешова
« » _____ 2022 ж

«ҮЗДІК СЫНЫП САҒАТЫ - 2022» қалалық байқауы ЕРЕЖЕ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕСІ

1.1. Жалпы орта білім беру ұйымдарының 1-11 сынып жетекшілері арасында «Үздік сынып сағаты - 2022» қалалық шығармашылық (бұдан әрі – Байқау) өткізу қағидалары оны өткізудің мақсатын, міндеттерін және тәртібін айқындайды.

1.2. «Үздік сынып сағаты - 2022» шығармашылық байқауы сынып жетекшілерінің білім алушыларды рухани-адамгершілік тәрбиелеу жұмыс тәжірибесін жетілдіру мақсатында өткізіледі.

Міндеттері:

- дарынды педагогикалық бастамаларды анықтау;
- сынып жетекшілердің шығармашылық құзыреттіліктерін кәсіби дамытуды қамтамасыз ету;
- педагогтердің әдістемелік әзірлемелері негізінде бірыңғай ақпараттық -білім беру кеңістігін кеңейту;
- педагогтердің шығармашылық әлеуетін дамыту, педагогикалық тәжірибені тарату және жалпылау.

1.3. Байқау Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» МҚКҚ ұйымдастырады.

1.4. Байқау қашықтық форматта өткізіледі.

2. БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

2.1. Байқау ұйымдастырушылары қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын құрайды. Қазылар алқасы Білім басқармасы, Білім беруді жаңғырту орталығының қызметкерлері, қала педагогтері, қосымша білім беру ұйымдары, кәсіби байқау жеңімпаздары қатарынан қалыптастырылады.

2.2. Қазылар алқасы мүшелерінің бағалау парақтары мен түсініктемелері құпия ақпарат болып табылады, көрсетілмейді және берілмейді.

2.3. Байқауды қазылар алқасы 10 балдық жүйе бойынша бағалайды.

2.4. Қазылар алқасы мүшелерінің шешімі хаттамамен ресімделеді, түпкілікті болып табылады, шағымдануға және қайта қарауға жатпайды.

3. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

3.1. Байқау 1-11 сынып мұғалімдері арасында өткізіледі:

3.2. Байқау кезеңдері:

Байқау екі кезеңнен тұрады:

I кезең 2022 жылғы 1-11 сәуір аралығында қашықтық форматта өтеді.

Байқауға қатысушылар «Мен – өз елімнің патриотымын!», «Қазақстанның жұлдызды балалары», «Сөйлеу мәдениеті – бұл ел мәдениеті» тақырыптарында (тақырып таңдау бойынша) ұзақтығы 15-20 минуттан аспайтын бір сынып сағатының бейнематериалын ұсынады.

Бейнематериал сынып сағатының басынан аяғына дейін тоқтаусыз, кесусіз және монтажсыз болуы тиіс.

Байқауға қатысу үшін өтінім мен бейнематериалдарды (MP4 бейне формат сапалы), сынып сағаттын сабақ жоспары, презентация **2022 жылғы 11 сәуірге** дейін Нұр-Сұлтан қаласының Білім беруді жаңғырту орталығына электрондық поштаға saaty2022@bk.ru жіберу қажет.

Электронды нұсқада келесі құжаттар ұсынылады:

1. Байқауға қатысу үшін өтінім;

2. Сынып сағатының әдістемелік әзірлемесі, көлемі баспа мәтіннің 9 парағынан аспайды, титулдық бетте жұмыстың атауы, автор туралы қысқаша мәліметтер (ТАӘ, білім беру мекемесі, лауазымы, педагогикалық өтілі, біліктілік санаты), мәтін форматы: А 4 қағазы, Times New Roman қарпі (кегль 14, жоларалық интервал – дара) көрсетіледі. Әр бетте барлық өрістер бар (төменгі, жоғарғы, сол, оң). Беттерді нөмірлеу жүргізіледі. Сынып сағатының әдістемелік әзірлемесінде мыналар көрсетілісін: тақырыбы, мақсаты, міндеттері, жабдықтары, оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру нысандары, сынып сағатының мазмұны, нәтижелері, көздері).

3. Сынып сағаттарына арналған дидактикалық бағдарламалық материалдар (презентациялар, үлестірме материалдар және т.б.).

Қазылар алқасы шешімі бойынша ең үздік сынып сағаттары Елордалық электронды мектеп <https://elorda-mektep.kz/> сайтына жарияланады.

Байқау ұйымдастырушылары байқау тақырыбына сәйкес келмейтін жұмыстарды қатыспауға құқылы.

2022 жылғы 13-20 сәуір аралығында қашықтық форматта барлық қатысушылар II кезеңге қатысады өтеді.

Қатысушылар 2 байқау жұмысты ұсынады, ұзақтығы 20 минут сынып сағаттарының бейнематериалдарын, «EduLeadersNS» жобасы жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, заманауи білімдерді меңгерген, бәсекеге қабілетті, салауатты ұрпақ тәрбиелеу мақсатында «Әр отбасының құнды дәстүрі», «Өзіңе және өзгелерге

көмектес», «Менің тілім-менің жүрегімде» тақырыптарында (тақырып таңдау бойынша) бір сынып сағатының бейнематериалын ұсынады.

Байқауға қатысушылар <http://www.youtube.com> арнада орналастырылған бейнематериалдарын MP4, сілтемесін saaty2022@bk.ru электронды почтаға сынып сағаттын сабақ жоспары, презентация материалдарын ұсынады.

Қазылар алқасының шешімі негізінде II кезеңнің үздік сынып сағаттары «Сынып сағаттарының сценарийлері» жинағына енгізіледі.

Қатысушылар байқау материалдарды 2022 жылғы **13-20 сәуірге** дейін Нұр-Сұлтан қаласының Білім беруді жаңғырту орталығына мына электрондық поштаға жіберуі тиіс: saaty2022@bk.ru

- Бейнематериал. (Бейнематериал сынып сағатының басынан аяғына дейін тоқтаусыз, кесусіз және монтажсыз болуы тиіс). Барлық жазу кезінде мұғалімнің беті көрініп, дауысы естілуі керек, ұзақтығы 20 минут. Бейнематериалдың атауында қатысушының деректері болуы тиіс: педагогтың аты-жөні, номинация, сынып.

- Сынып сағатын өткізудің жоспары (электрондық нұсқа); жоспар-конспектінің мәтіндік материалы Microsoft Word форматында ұсынылады, интервалы – 1,5, кегль – 14, түрі – Times New Roman. Титул беті мынадай ақпаратты қамтуы тиіс:

- білім беру мекемесінің толық атауы;

- сынып сағатының атауы;

- сынып жетекшісі туралы мәліметтер (Толық аты-жөні, лауазымы).

- Сынып сағаттарына арналған дидактикалық бағдарламалық материалдар (презентациялар, үлестірме материалдар және т.б.).

Бағалау критерийлері:

Өзектілігі;

Құндылық негіздері мен мақсаттары;

Материалдың негізгі компоненттерге (тақырыпқа, идеяға, композицияға) сәйкестігі;

Сынып сағатының жоспарында көрсетілген кезеңдердің жүйелік, бірізділік қағидасы;

Өзірлемені құрастырудағы идеяның креативтілігі;

Нәтижелілік (материал білім алушылардың ойлау әрекетін дамытуға қаншалықты ықпал етеді);

Техникалық жарактандыру (АКТ-ны пайдаланудың әртүрлілігі мен орындылығы, көрнекілік және т.б.).

Жұмыстар белгіленген мерзімнен кеш қабылданбайды. Талаптарды бұза отырып дайындалған материалдар қарауға жатпайды. Байқау материалдарын рецензияланбайды және қайтарылмайды.

I – II кезеңнің нәтижесі бойынша қазылар алқасы байқау жеңімпаздарын, сондай-ақ байқау қатысушылар арасындағы номинацияларды анықтайды.

4. БАЙҚАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

4.1. Қазылар алқасы шешімі негізінде байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздарды (1, 2, 3) орындар анықтайды. («Үздік сынып сағаты», «Сынып жетекшісінің оқушылардың денсаулығын сақтауға және нығайтуға қосқан үлесі», «Сынып жетекшісінің – тұлғаның рухани – адамгершілік дамуына ықпал ететін оқушылардың іс – әрекетін ұйымдастырушы», «Шебер», «Эрудит сыныбы», «Ең белсенді сынып», «Ең шығармашылық сынып», «Тәртіп және тәртіп сыныбы» номинациялары). Байқау жеңімпаздары дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

4.2. Байқау нәтижелері байқау аяқталғаннан кейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмейтін мерзімде Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК интернет-ресурстарында орналастырылады.

«ҮЗДІК СЫНЫП САҒАТЫ - 2022» байқауына қатысу өтінімі

1	Т.А.Ә. толық (куәлікте көрсетілгендей)	
2	Білім беру ұйымының атауы	
3	Лауазымы	
4	Сынып сағаттын тақырыбы	
5	Байланыс телефон, электрондық пошта	